

Қарғалы ауданы әкімінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 4 шешімінің күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 03 мамырдағы № 9 шешімі.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33, 37 баптарына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Қарғалы ауданы әкімінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 4 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4825 болып тіркелген, аудандық "Қарғалы" газетінде 2016 жылғы 07 сәуірдегі № 21 (4891) санында және 2016 жылғы 06 сәуірде "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2.Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Байсеуповке жүктелсін.

Қарғалы ауданының әкімі

Р.Сыдықов